

**Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшері және банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі талап қолданылмайтын заңды тұлғалардың санаттары туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 50 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 сәуірде № 20494 болып тіркелді. Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 31.12.2020 дейін (бұйрықтың 6-т.).**

"Экономиканы тұрақтандырудың кейбір шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 308 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алуы:

1) егер заңды тұлға шағын кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда - 20 000 000 ( жиырма миллион) теңгеден;

2) егер заңды тұлға орта кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда - 120 000 000 (бір жүз жиырма миллион) теңгеден;

3) егер заңды тұлға ірі кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда - 150 000 000 (бір жүз елу миллион) теңгеден аспайтын сомалар мөлшерінде жүзеге асырылатыны айқындалсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында белгіленген заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алуға рұқсат етілетін сомалардың мөлшері заңды тұлғалардың мынадай санаттарына:

1) микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты;

2) ауылшаруашылық азық-түлік өнімін, акваөсіру (балық аулау) өнімін сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты;

3) осы қаулыға қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлерімен тамақ өнімдерін, сусындарды, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сату субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттардан олардың қолма-қол ақшаны алуы кезінде екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық пошта операторына және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайтыны айқындалсын.

3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы 2020 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2020 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 50 қаулысына  
қосымша

**Тамақ өнімдерін, сусындарды, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сату субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың экономикалық қызмет түрлері**

Экономикалық қызмет түрлерінің жіктеуіш коды	Атауы
47.11	Мамандандырылмаған дүкендерде көбінесе тамақ өнімдерін, сусындар мен темекі өнімдерін бөлшек саудада сату
47.21	Мамандандырылған дүкендерде жеміс-жидектер мен көкөністерді бөлшек саудада сату
47.22	Мамандандырылған дүкендерде ет және ет өнімдерін бөлшек саудада сату
47.23	Мамандандырылған дүкендерде балық, шаян тәрізділерді және былқылдақ денелілерді бөлшек саудада сату
47.24	Мамандандырылған дүкендерде нан-тоқашты, ұннан жасалған және қантты кондитерлік өнімдерді бөлшек саудада сату

47.29	Мамандырылған дүкендерде тамақ өнімдерін өзге бөлшек саудада сату
47.73	Мамандандырылған дүкендерде фармацевтикалық тауарларды бөлшек саудада сату
47.74	Мамандандырылған дүкендерде медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сату

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК